





# «ЖИҒАД» ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ



Осы айтылғандарды ойымызға ойып жазып, өзін-өзі өлтірудің Исламда ауыр күнә екені есімізден еш көтеріліп кетпеуі керек-ті. Демек, «жиһад жасаймыз» деп жарылыс жасап, өз жанын өзі өлімге байлайтындардың істері Ислам жолына қайшы, адамдықтан алыстап, ізгіліктен іргесі бөлінген бөгде тірлік екені айдан анық. Олай болса, «бұл қайдан шыққан түсінік?» деген сұрақтың туары да түсінікті. Әлбетте, діни және саяси сауаттың сәулесі санаға түспегенінен деген тұжырым бұған берер бірінші кезекті жауабымыз болмақ. Мұндай адасқан ағымдардың адам өлтіретін азғын амалына ата заңымыздың айтары қандай? Осыны да ой таразысына тартып, көз жүгіртіп көрелік. Ата заңымыздың 15-бабы 1-тармағында: «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар», – десе, 2- тармағында: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар», – деп көрсетілген.

Ислам дінінде адам өлтіріп, өзін-өзі жарып жіберудің жиіркеншікті, күнәсі ауыр амалдардың қатарынан екені аят-хадистерде анық айтылты. Олай болса, «жиһад жасап, Жәннатқа жолдама аламыз» деп асығып аласұрғандардың айтып жүргені қандай «жиһад» болғаны?!...

«Жиһад» сөзінің араб тіліндегі мағынасы белгілі бір мақсатты алға қойып, соған жету және бір істі тындыру үшін барын салу, құлшыну, күресу дегенді білдіреді.

Қазіргі қоғамда жиһадты қолға қару алып соғыс салу деп сыңар жақты түсініп, сындарлы көзбен қарайтындардың саны артуда. Қасиетті Құрани Кәрімде «жиһад» сөзі 35 жерде айтылса, соның төрт жерінде ғана «харб», «мухарабә», «мағрака», «қитал» деген сөздермен келіп, соғыс мағынасын білдірген. Алайда, жиһад сөзі соғыс ұғымын да қамтығандықтан, естіген елдің есіне сұрқия соғыс салатын сүреңсіз сойқанның көрінісі келетіні өкінішті!

Шын мәніндегі жиһад – Алла Тағаланың ақиқатын аңдап, жетектеп жүріп жарға

жығары анық. Шайтанның шырмауына шатылу деген сөз, шалыс басып, шаң қабу деген сөз. Өз нәпсіңмен болған күрес, шайтанның шырмауынан сақтап, алдыңнан шығар алапаттың алдын алады. Олай болса, кесе көлденең кедергіні бұзып, кесірді кетіруден асқан жақсысылық, одан асқан жиһад жоқ. Әлбетте, нәпсімен күрес үлкен жиһад екені шүбәсіз. Тағы бір хадисте: «Жесірлер мен міскіндер үшін жұмыс істеуші кісі Алла жолында жиһад жасаушы адамға тең», – деген. Осы хадистен жесірін жылатпай, жетімді жеман амалдардан екені анық. Осындай ойсыз, оспадарлықтан опық жеп қалмауға қам жасап, ағымдардың арбауынан сақ болайық! Ертеңімізді бүгін ойлағанымыз абзал болмақ. «Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деп атам қазақ айтқандай, басыңды бәйгеге тігіп, болжап білмейтін нәрсеге бола басымызды ақыреттің азабына апарар бұрыс жолға бұрып кетсек, келместің кемесіне мінген деген сол болмақ.

Ата бабаларымыздың бастан кешкен

ғибратты істері бізге өнеге, бізге үлгі, бізге аманат. Батыр бабаларымыз елін-жерін қорғау үшін басын бәйгеге тігіп, өз жан рахатынан бас тартып, нәпсілеріне жол бермеді. Демек, жиһадтың жарқын үлгісін бабаларымыз көрсете білді. Ал, кейбір адасқан ағымдар «қазақ халқы таза мұсылман болған жоқ, қазақтар мүшірік болды», деген сияқты санаға сиымсыз сөздермен бабаларымыздың басқан ізін өшіріп, құндылықтарымыздың құнын құрдымға кетіретін сөздер айтады. Тіпті, өке-шешелері намаз оқымаса, олармен бірге бір дастарханға отырмай, жасаған тамақтарын харам деп, ішуден бастартып жатқандардың да бар екенін еміс-еміс естіп қаламыз. Мұндай кері кеткен кесірден сақтану жолдарының бірі бабаларымыздың бай мұрасын қадірлеп, сол мұраларды орынды пайдалану. Яғни, бабаларымыздың тағылымды тағдырын өз өмірімізге өнеге ете білуіміз керек. Ата-бабаларымыз аңсап кеткен тәуелсіздіктің тұғырын тіктеп, туын көтердік. Бұл – бабаларымыздың арманы, Алланың аманаты. Аманатқа қиянат қылмайық.

**Б.ТОҚАЙ,**  
«Алматы облысы дін істері басқармасы» ММ  
«Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының» маманы

**NY SANA**  
Өзгені өлтірудің Құдайдың алдында қаншалықты қасіретке қалдыратынын айтып Пайғамбарымыз (с.ғ.с) көптеген өсиет қалдырған екен. Бір хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Ешқайсың бауырыңа қару кеземендер, өйткені, ол қолын шайтан билеп, тозақ шұңқырына түсіп қалуы мүмкін екенін білмейді», – десе, Құрани көрiмнiң «Ниса» сүресi 29-30-аяттарында: «Бiр-бiрiңдi өлтiрмеңдер. Расында, Алла сендерге ерекше мейiрiмдi. Ал, кiм осы айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен iстесе, оны жақында отқа саламыз», – деп ескертедi.

Ғұламалар бұл аятты тәпсірлеп келе, өзіне-өзі қол жұмсағандарға да берілетін үкім, осы аятта айтылған бір-бірін өлтіргендерге берілген үкіммен бірдей болатындығын, яғни, азапталатынын айтады. Ал, мына бір хадисте: «Кімде-кім өзін темірмен өлтірсе, тозақ отында мәңгі қалдырылған күйде темірін қолына ұстап, онымен қарнын сұққылайтын болады. Кімде-кім у ішіп, өз-өзін өлтірсе, ол тозақ отында мәңгі қалдырылған күйде оны жұтатын болады. Ал, кімде-кім таудан құлап, өз-өзін өлтірсе, тозақ отында мәңгі қалдырылған күйде оған құлайтын болады», – дейді.

Кейбір кеуде кәріп кекірейгендер «жиһад» жасап, «шаһиттік шыңына» шығамыз деп шатасып, шыңғырып шыңырауға қалай құлағандарын сезбестен сілесі қатады. Өз өмірін өзі өлтірсе байлап, күнәнің кебінін киіп келмеске кетеді. Нәтижеде, жазықсыз жандарды жазым қылып, өздері ақыретте азап арқалаты алжасқан амалымен ақтық демі үзіледі. Ислам діні өзгені де өз-өзін де өлтіруге, өмірді өртке тастауға тыйым салады. Керісінше, бейбітшіліктің бесігін тербетіп, көресінен кеңейту үшін күресетін діні.

Ата заңымыз тыныштықты бүлдіріп, қисық басып қыңыр жүретін шеңберден шығушыларға шектеу қойып, 20-баптың 3-тармағында: «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», – деп жазылған.

**BILGENGE MARJAN**  
**Бата – халық қазынасы.**  
«Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп қазақ халқы бекер айтпаса керек. Қарты бар үйдің шырағы еш сөнбейді. Бата айтылатынын ұғындыратын рухани құндылығымыз ол – бата деп айтсақ еш қателеспейміз. Қазіргі таңда бата айту – қолданыстан шығып бара жатқаны жасырын емес. Бата айтылатын отбасылардың өзінде ол қарапайым сөздермен жеткізіледі. Бата беру, астан соң дұға-тілек тілеу отбасына келе жатқан пәлекеттің алдын алып, оның болмауына жол ашады.

Батаның көптеген түрі болады. Олар төмендегіше көрініс береді. Нәрестеге бата, асқа бата, ұлға бата, қызға бата, келінге бата, жолаушыға бата, жастарға бата, сүндет той батасы, наурыз батасы, ораза айт батасы, жарапазан батасы, ас қайыру батасы сияқты түрі көп.

Нәресте дүние есігін ашқанда оған бесік той жасалынады. Одан соң тілашар болады. Өрі қарай сүндет той жалғасын таба береді. Осы аталған тойлардың ішінде басты дүние - нәрестеге қарап айтылатын бата. Асқа бата дегеніміз – әр астың соңынан берілетін батаны айтамыз. Ұл ер жетіп, қыз бойжеткенде берілетін батаның да өзіндік ершелігі бар. Соның ішінде келінге өсиет түрінде берілетін баталар да баршылық.

Бата адамдарды лайықсыз істерден, теріс қылықтардан сақтандырып, жастарды ізгілікке әрі қайырымды істерге

## БАТАМЕНЕН КӨСЕГЕ КӨГЕРЕР



баулиды. Қандай да болсын бір іске кірісерде, дастарқаннан дәм татуға отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда ата-бабаларынан, ақсақалдардан бата алатын болған. Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен

туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзінде де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер білдіріледі. Қазақта: «Өз ісінің шеберінен бата алса, соған тартып, батасын алған жас та шебер болады», – деген сенім бар. Бұл орайда Х.Досмұхамедұлы былай дейді: «... Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім

кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе өнерге ыңғайлы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасындағы белгілі бір би, атақты ақын, аруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты, дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп. Бұл – батаның бір түрі. Батаның тағы бір түрі – ас-

дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту ас батасы. Өрбір қонақ өзіне арналып сойылатын қойға батасын беріп және әр дастарқаннан кейін үй иесіне рахметін білдіріп отыруы шарт. Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді және ол көбінесе өлең түрінде болып келеді...» Аспандай ашық қазақтың ғибрат сөздерінде әсемдік пен тапқырлық, ойшылдық пен сыршылдық, ақылдылық пен данагөйлік, шынайылық пен сыпайылық бар. Тәрбиелік мәні терең, ғибраты зор. Мысалы, «аспандай бер-ме, жерден ұзап кетерсің, жерден ұзап кетсең, елден ұзап кетерсің, елден ұзап кетсең, барсақелмеске кетерсің», – дейтін өсиет тәрзеде қаншама тағылы, мән бар. Сан тараптағы мағылымы мол өсиет-тілектер ұрпақтан-ұрпаққа өз тағылымын жалғастыруда.

Қорыта айтатын болсақ, батаның мазмұны қазақ қоғамында алғыс пен қарғысты да, тілек пен дұғаны да, ризашылық пен ренішті де қамтиды. Сол арқылы халықты жаман нәрседен тыйып, жақсы нәрсеге бағыттап отыратын ауқымы өте кең ұғым саналады. Ол тікелей бата беретін кісілердің де абырой-беделіне байланысты да халыққа әсер еткен. Батагөй қариялар ел арасындағы игілікті істердің жүзеге асуына рухани демеу болып, жаман істің алдын алып, оны құптамай халыққа бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеп отырған. Еліміздің тәуелсіздігін нығайту, оның тұғырлылығы мен орнықты өркендеуін қамтамасыз ету бағдарын қолға алған мемлекетіміздің мәдени даму бағыттары ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту мен түлетуді нақты нысанаға алған. Халқымыздың рухани-тарихи тамырларының кең аясынан әдет-ғұрып пен салт-дәстүріміздің негізі саналатын бата беру дәстүрі өз құндылығын ешқашан жоғалтпаса анық.

**Л.ДАРХАНОВА**



**ТҮЛГАТАНУ** Биыл қасірет арқалап, талай үйге қайғы әкелген, талай шаңыраққа қара жамылдырған қанды қырғынның аяқталғанына 77 жыл. Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуімізде майдан ерлерімен қатар, тыл еңбеккерлерінің де үлесі орасан. Әкелер соғыс майданында қолына қару алып, соғысқа, әйелдер мен қабырғасы қатпаған өрімдей жас балалар фабрика мен зауыттарда, ауыл шаруашылығында «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек етті. Қанып ұйықтамай, тойып тамақ ішпей, ойынды ұмытып, қазіргідей көгілдір экранға қарап көңіл көтеру дегенді білмей, бар күш-жігерін майданды оқ-дәрімен, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуге жұмсаған балалардың еңбегі ерлікпен пара-пар еді. Аналарымызда «Әйелдің міндеті ошақ қасы» деген жоқ. Нәзік қолдарымен ердің ісін атқарған жандардың бірі бұрынғы Шұбар ауылы, қазіргі Алдабергенев ауылының тумасы, 1937 жылы дүниеге есінін ашқан Жаңылдық Нусипова. Ел басына күн туған шақта нардың жүгін арқалаған қыз бала бүгінде бейнеттің зейнетін көріп отырған қазыналы қария. Отан алдындағы парызын адал атқарған әже бүгінгі ұрпаққа өсиетін айтып, батасын беріп келеді.

# ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ТЫЛ МАЙТАЛМАНЫ



Германия КСРО-ға басып кірген кезде олардың алды 5-6 жаста болса, соғыс аяқталғанда 10 жасқа келіпті. Міне, осы сұм соғыс балалық шағын ұрлап, ерте есейіп, еңбекке ерте араласқан буын бүгінгі күні «тыл ардагері» деген мәртебеге өте лайықты екені дәлелдеуді қажет етпейді. Қазіргі кезде соғысқа қатысушылармен қатар, олардың ізін баса өкшелес дүниеге келген тыл ардагерлерінің де қатары күн сайын селдіреп, азайып барады. Олардың тылдағы иықтары қайысып, белдері майысып жасаған ауыр жұмыстары бүгінгі ұрпақпен бағаланып жатыр.

– Ауылдағы бүкіл еркек кіндіктің соғысқа алып кеткеннен кейін, қалған қатын-қалаш, бала-шағаның көрген күні оңай болған жоқ. Еңкейген қартты да, бала демей, жас демей кішкентай ойын балаларын да жұмысқа салды. Сол егін егу, оны ору, мал бағу сияқты шаруашылық жұмыстар. Ол уақытта комбайн да жоқ, бар жұмысты қолмен жасаған. Шетінен тазалап, мемлекетке өткізіп отырған екен. Сол уақытта 8-9 жасар балалар өзін айдайды екен. Ол кезде техника деген болған емес. Өгіз арба, өгіз соқа, өгізбен бидай бастырылған. Өгіздің үстіндегі бозбалалардың ұйықтап кететіні де болған деп кейіндері үлкендер айтып отыратын. Сондай халықтың бірлігінің арқасында жеңді деп ойлаймын. Бұл соғыс даласына аттанған әскердің ғана соғысы емес, елде қалып от пен суга да түскен халықтың жеңісі. Аш-жалаңаш жүрсе де, кішкентай бала да еңбек етті. Анам марқұм: «Күні бойы жұмыстамыз, түнде қолғап, шұлық тоқитынбыз, жіп иіретінбіз» деп айтып отыратын. Сонда

айына «пеленше шұлық, пеленше қолғап өткізуің тиіс» деп салық салады екен. Ол енді дайын жіп емес қой, жұмыстан шаршап келсе де, жүнді жуады, оны иіреді, тазалайды. Солай жаз болса айдың, қыс болса пештің жарығымен тоқыған. Сұм соғысты көзбен көрмесек те, үйдегілердің аузынан естіп өстік,» дейді Жаңылдық апаның көршісі, қарт Күлбар Бертаева.

Жаңылдық апа киелі Ескелді жерінің, яғни туған ауылының келіні. Жолдасы Айса Нусипов ата екеуі өмірге 1 ұл 3 қыз әкелген. Бүгінде сол балаларынан 15 немере, 27 шөбере сүйіп отырған бақытты әже. Балаларын ешкімнен кем қылмай өсірді. «Ұяда не көрсен, ұшаққа да соны ілесің», деген даналық қариялардың ұл-қыздарына берген тәлім-тәрбиесінен көрініс тапты. Құдайға шүкір, соңынан ерген ұрпағы өнегелі отбасын ұятқа қалдырған жоқ. Олар да қазір бір-бір шаңырақтың иесі. Алла бұл әулетке сынақты да берді. Отбасының мәуелі бейтерегі қант диабетінен қаза тапты.

– Мен әжемнен балалық шағын, қандай қиыншылықтар көргені жайлы жиі сұраймын. Сонда әжем ұзақ ойға шомып кетеді. «Өмір – таусылмайтын күрес» демекші, әжем тыл ардагері. Көзін тырнап ашқаннан бері бейнеттің ащы дәмін татып, тынбай еңбектеніп келе жатқан жанның бірі. Әжем еңбекке ерте араласқан жан. Жас кезінде сауыншы да, аспаз да, қойшы да болған. Әжемнің ерлігіне кейде қайран қаламын. Соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлерінің есімі, тарихтың парағына алтын әріптермен мәңгіге жазылып қалары анық. Жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары

сиреп, азайып бара жатыр. Көзі тірісінде құрмет көрсетіп, сыйлай білу – кейіңеі ұрпақ, біздің парыз, - дейді немересі Жадыра Айсеева.

Міне осылай, бейбіт күнде немере, шөбере сүйіп отырған қариялар заманның тыныштығын тілейді. Өздері басынан өткерген қайғы-қасіретті ұрпағы көрмесе екен дейді. Кешегі өткен батыр бабаларымыз да соғыс майданында ұрпағының азаттығы үшін жанын қиды, қасық қаны қалғанша күресті. Оттан да ыстық Отанын қызғыштай қорғады. Бүгінгі бақытты ұрпақ сол жанкештіліктің қадірін біліп, бейбіт өмірдің артында кімдер тұрғанын жадынан шығармауы тиіс.

– Аты өшкір соғыс жалпы адамзат баласына тілемейтін нәрсе ғой. Ауылдың ер-азаматтары әскерге алынған соң қара күштің бәрі әйелдердің, балалардың мойнында қалған. Сол батырлардың бірі – менің анам. «Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңіс те болмас еді». Расында Ұлы Жеңісті жақындатуда сол заманның ұрпақтарының әрқайсысының қосқан үлесі зор. Қажырлы, қиын еңбектің арқасында өкем мен анам үлкен өнегелі әулетке айналған жандар. Енді сол сұм соғыс қайталанбаса екен деймін. Жатсақ та, тұрсақ та, қарын аш болса да, киім жыртық болса да, ең бастысы – елімізде бейбітшілік болса екен деп тілейміз, дейді ұлы Асқар Нусипов.

Ұрпақтарының бейбіт күнде өмір сүруін аңсаған ата-бабаларымыздың жасаған ерліктері мен еңбектері мәңгілік ел есінде қала береді.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

**SIFRLY QAZAQSTAN**

## EGOV MOBILE МҮМКІНДІКТЕРІ

Барлық құжаттарды өзіңізбен бірге алып жүру өте ыңғайсыз. Кейде маңызды құжаттарымызды үйде ұмытып кетіп те жатамыз.

Цифрлық құжаттар әрбір қазақстандықтың өмірін мүмкіндігінше жеңілдетті. Егов тобы қосымшасында жеке куәлік, неке және баланың туу туралы куәліктері, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты және басқа да жиі қолданыстағы құжаттардың цифрлық аналогы бар.

Цифрлық құжаттар ЖҚО-да, банктер мен нотариустарда, тіпті ұялы байланыс операторларының сервистік орталықтарында да жарамды. Сондай-ақ, оны әуежайда тіркеліп, поезға отырғанда ұсына аласыз.

Egov mobile қосымшасын Google Play, AppGallery, AppStore арқылы жүктеп алуға болады. Қосымшаны пайдалану үшін мобильді азаматтардың базасында тіркелу қажет.

## КӘСІП АШАМ ДЕСЕҢІЗ...

Шағын кәсіп ашуды қолға алсаңыз, онда біз сізге жеке кәсіпкер ретінде тіркелудің қалтаңыз бен жүйкеңізге зияны жоқ ең оңай жолын айтамыз.

Бұл жұмысты тез, тегін және үйден шықпай-ақ Halyk Bank немесе Kaspi.kz арқылы жасауға болады.

Сізге керекті тек смартфон.

Егер Halyk Bank арқылы тіркеңіз келсе, алдымен Onlinebank мобильді қосымшасын жүктеп алыңыз немесе orelaccount.halykbank.kz сілтемесі бойынша өтіңіз.

Ал Kaspi.kz-те мемлекеттік қызметтер бөліміне өтсеңіз болды.

Ары қарай өзіңіз туралы және сіздің болашақ бизнесіңіз туралы ақпаратты толтырасыз. Құттықтаймыз, сіз жеке кәсіпкер болып тіркелдіңіз. Тіркеу құжаттарын жүктеп алу ғана қалды.

## ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТЫ БАНК ҚОСЫМШАСЫНАН АЛА АЛАСЫЗ

«Цифрлық құжаттар» енді @kaspi.kz және @halykbank.kz мобильді қосымшаларында қолжетімді екенін хабарлаймыз.

Аталған сервис тек eGov mobile қосымшасында қолжетімді болатын. Цифрлық құжатты QR код және қысқа алты таңбалы код арқылы пайдалануға болады. Қосымшаларға кірген кезде Kaspi.kz және Halyk Homebank пайдаланушы бір реттік пароль арқылы цифрлық құжаттарды пайдалануға келісім береді. Бұл механизм пайдаланушы деректерінің жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Естеріңізге сала кетейік, цифрлық құжат түпнұсқа құжаттың аналогы болып табылады. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 18 құжат түрі бар.

# МАЛ ҰРЛЫҒЫ - АСА АУЫР ҚЫЛМЫС

◆ Соңғы кездері мал ұрлығы кәсіпке айналып, ұйымдасқан қылмыс түрі болып кетті. Қорада қарауда тұрған малды оңай ұрлап кетіп жүргенде, қараусыз жайылымда бос жүрген мал жағдайы не болмақ? Мал ұрлығына қатысты жауапкершілік күшейіп, ұрлық жасап, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқырғандардың жазасы ауыр.

Мұнан бөлек ендігі жерде мал ұрлағандар мен малынан айырылғандар бұрынғыша өзара ымыраға келе алмайды. Мал ұрлығымен ұсталған қылмыскер бірден бас бостандығынан айырылады немесе оған қылмыстың ауыр не жеңілдігіне қарап айыппұл салынады. Қылмыстық кодекстің 188-1 бабындағы «мал ұрлығы» бабына тоқталсақ, мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер қылмыс жасағанда алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен жасалса, ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қылмыс бірнеше рет жасалса, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның,



мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Мал ұрлығын қылмыстық топ жасаса, аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы бапта мыналар мал деп түсініледі: ірі қара мал, жылқылар мен есектер, түйелер, ұсақ

мал, шошқалар.

Біреудің мүлкіне қол салып, қылмыстық іс жасау абырой әкелмесі хақ. Өйткені заң талабы жеңіл емес. Тиісінше қылмыс ашылар болса, қолыңмен істегенді, мойныңмен көтеруге тура келеді. «Ұрлық түбі – қорлық» деген сөзді санамызға сіңіріп өскендіктен, жақсылыққа жетелер жол емес екендігін әрбір азамат түсінгені дұрыс.

**Ескелді аудандық сотының баспасөз қызметі.**

## МАМАН МІНБЕРІ АУДАНДАҒЫ АӘК ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) аз қамтылған, көп балалы отбасыларға табыстары кедейлік шегінен аспаса тағайындалады. АӘК алу үшін сізге жергілікті атқарушы органға ауылдық округіне (Әкімдікке), Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі сайтты арқылы жүгінуге қажет. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 17-шілдесіндегі №237 заңына сәйкес бір адамға немесе отбасына, атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін отбасының әрбір мүшесі есебінен орташа жан басына шаққандағы табыс және облыстарда белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырмасы түрінде үкілетті орган есептейді. Отбасының құрамы және табыстар өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қайтадан есептеледі. Ал өтініш беруші отбасында өзгеріс, мекенжайлар, табыс көзі т.б өзгеріс болған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде үкілетті органға хабарлауға міндетті.

2022 жылдың екінші тоқсанында 527 отбасы (2835 адам) атаулы әлеуметтік көмекке жүгінді, оның ішінде 404 отбасына (2185 адам) тағайындалды, ШАК (шартты ақшалай көмек) - 342 отбасы (1920 адам), ШАК (шартсыз ақшалай көмек) - 62 отбасы (265 адам), 123 отбасына (646 адам) атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан отбасының жан басына шаққанда орташа табысы кедейшілік шегінен асуы, уәкелік комиссияның шешімі бойынша бас тартуы, өтініш берушінің бастамасымен тоқтатылуы, толық құжаттары болмағандықтан және т.б. себептермен бас тартылды. Оның ішінде жыл басынан жұмыспен қамту орталығының белсенді шараларына тартылғандар:

- 1) тұрақты жұмыс орындарына орналастырылғандар 15 адам;
- 2) қоғамдық жұмыстарға жіберілген 6 адам;
- 3) әлеуметтік жұмыс орындары 1 адам;
- 4) жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқыту 10 адам.

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР АРУЛАРЫ



еркендетті. Алайда бұл әрекеттің барлығын бір ғана ханның жүргізген саясатының жемісі дей алмаймыз. Жалғыз адам тарихта тұлға болып көрінгенмен, шын мәнінде жай адамды тұлға ету үшін бірнеше адамның, яки оңдаған, жүздеген адамның іс-әрекеті керек. Мұнымен не айтпақ болды деймісіз, ханның ұлы істері үшін уәзір, қолбасшы, кеңесшілердің іс-қимылы қандай болса, ханның бәйбішесі мен әйелдерінің, анасының да рөлі сондай болды. Күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған «жаман әйел ердің төрдегі басын есікке, жақсы әйел есіктегі басын төрге сүйрейді» нақыл бар. Осы ой түбінен шыққан асыл сөздің астарына үңілсеңіз, қазақ әйелдері ерлер үшін жұмыс істеген, еркек кіндіктілерге қызмет қылған. Мәселен, Абайды алайық, оның Ұлы болуына Құнанбайдың рөлі қандай болса, Ұлжан мен Зеренің де рөлі сондай болған. Қос анасы осынша білікті, тәлімі мол болмағанда Абай Абай болып қалыптаспа еді. Сол сықылды қазақ хандарының биліктегі сара жолының қалыптасуына да әйелдердің рөлі мықты болды. Жаған бегім қазақ хандығының негізін құрғандардың бірі Жәнібек ханның жары. Жәнібек пен Керейден кейін хан болған Қасымның анасы. Өкінішке орай, Жаған бегім жайлы тарихи деректер жоқтың қасы. Тек Жаған бикемнің Шайбан ұрпағы Махмұд сұлтанның анасы Ақкөзі бегім апалы-сіңлілі болғандығы ғана айтылады. Яғни, Жаған бегім Шайбани әулетінің атақты ханы Мұхаммед Шайбанидің інісі Махмұд сұлтанның нағашы әпкесі болып шығады. Ол кісі жайлы деректер аз болғандықтан, ел билеу ісіне қалай араласқанын да айту қиын. Бірақ бірдей бір хандықтың негізін қалаған қағанның жары болу оңай іс емес екені белгілі. Ал одан да қиыны сол хандықты ұстап қалар ұрпақты тәрбиелеу болатын. Жаған бегім – Қазақ хандығын он-ақ жыл билеп, Азия мен Еуропаға атағын шығарған Қасым ханның анасы. Қасым ханның қасқа жолын салған, әскерін 1 миллионға дейін жеткізген, қазақ хандығының шекарасын бекітіп, оны нығайтумен айналысқан адамның парасатты ананың құрсағынан шыққанын айтпаса-ақ та түсінікті.

Бұрын-соңды Ақбикеш Ару хақында естіп-білмеген боларсыз. Есім ханның тұсында ат жалын тартып, жағадан алған жауға тойтарыс беру жолында аянбаған ержүрек қыз көріпкелдігімен де танылған. XVII ғасырда өмір сүрген

батырдың болжағыштық қасиеті талай соғыстың жеңісін қазақтардың қолында болуына септігін тигізген. Есім ханның бастауымен Бұқараға, Қашқарға, Қалмақ жеріне жасалған жорықтарға қатысып ерге бергісіз батырлығымен есімі аңызға айналған. Ақбикеш соғыстардан қол үзіп, елге оралғаннан кейін Қаратау өңірінен биік мұнара тұрғызып, сол мұнарадан елдің тыныштығы үшін шолғыншы да болған. Батырлығына тәнті болған жоңғарлардың өзі оны тұтқынға түсіріп, қаза қылғаннан кейін арулап жерлеп, құрмет көрсеткен. Бұл ауыз әдебиеті арқылы келген дүние, жазба дүниемен емес.

Тарихи деректерге сүйенсек, «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» оқиғасында Қаракерей Қабанбай батырдың аты ерекше аталады. Алайда оның жары, қазақтың аяулы аналарының бірі Гауһар туралы деректер сирек. XVIII ғасырдың ауыртпалығына мойымай, ел үшін қанын төккен бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы Гауһар анамыз Қабанбаймен иін тіресіп талай мәрте жорыққа қатысқан. Сол кезеңде заты әйел болса да, қалмақтардың есінде қылышын қынабына салмаған айбатты батыр ретінде сақталған.

Тағы бір аңызға сенсек, сенбеске лажымыз жоқ, өйткені әр аңыздың астарында шындық жатыр, Тарақты Байғозы батырдың қызы Қойсана анамыз да бір туар батыр болған. Қойсана қазақ әскерінің жоңғарларға қарсы отан соғысындағы әйгілі қолбасшы Шұбыртпалы Ағыбай батырдың анасы. Ағыбайға аяғы ауыр кезде ауыл жылқыларын түн келіп барымташылар қуып кетеді. Мұны естіген Қойсана дереу атқа қонып, барымташыларға жетіп, бәрін аттан түсіріп, елге айдап келеді. Сонда қарақшылардың басшысы «бізді аттан түсірген әйелдің күші емес, оның ішіндегі баласының күші» деген екен. «Алып анадан туады» деген нақылдың өзегін енді түсінген боларсыз.

Кете Ботагөз туралы ел аузында мынадай әңгіме жүр, 1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан Әбілхайыр хан қаза табады. Оның тағына баласы Нұралының отыру рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер азаматтарын ертіп Орынборға аттанады. Соны пайдаланған Еділ қалмақтары қорғансыз шал-шауқан, бала-шаға, қатын-қалаш қалған бейбіт ауылды қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап айдап кетеді.

Мұндай содырлы сойқанды естіген Есет Көкұлының қызы Ботагөз 150-дей сарбазды бастап барып, оқыста Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш берідей тиіп, қанға-қан, жанға-жан дала заңы бойынша көк қайтарады. Сол жерде жауын тұтқындап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады.

Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың әйелі, ел анасы. Шын есімі – Бәтима. Болай сұлу Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ханның жары мен құты болды. Болай Әбілқайыр ханның екінші әйелі бола тұра, өзінің табиғатынан ерекше салиқалы, байсалды қасиеттерінің арқасында аса жоғары «сұлтанша» лауызымына ие болған.

Әбілқайыр сұлтанның Болай сұлуға үйленгені үлкен бақыт болды. Төре ұрпағына келген Болай құтты келін атанды. 1711 жылы Нұралы атты перзент сыйлады. Нұралының Әбілқайырдан кейін кіші жүздің ханы болғанын бәріміз білеміз. Болай Әбілқайырдың ел басқару ісінде кеңесшісі, арқа сүйер тірегі болған.

Батыр атанған Әбілқайырдың қилы мінездеріне тоқтау айтып, сабырлылыққа шақырып, сабасына түсіріп, қиын мәселелерді бабасымен шешуге көмектескен. «Болай сұлу өзінің ақылмен құрметке ие болған, сондықтан да кей кездері орданы басқару ісіне үлкен әсер еткен. Өдетте әйелді барлық қоғамдық жұмысқа араластырмайтын қарым-қатынастың болғанына қарамастан, Болай сұлудың өзінің жеке мөрі болған» – деп Қазақстан тарихы бойынша ірі маман А.И.Левшин жазып өткен. Сондықтан ел ішінде қадірі артқан Болай анаға халқы мәртебелі, парасатты «Бара бәйбіше» атағын сыйлаған.

Көктемір батыр туралы естуіңіз бар ма? Қазақтың сол кездегі «Бәтман», «Зорро» секілді бетперде киген батыры бұл. Нәті әйел болғасын өзін құпия ұстауды жөн санағандай. «Көктемір» - Сапура батыр Мәтенқызы еді. 22 жастағы Сапураның бірінші күйеуін қашқын қалмақтар өлтіріп кетіп, әмеңгерлікпен қайнысы Жанболатқа қосылады. Ол Досалы сұлтанның ауылымен қоңсы екі мың кісімен Қобда бойында көшіп-қонып жүреді. Әйел басымен қол бастауға қымсынып, «Көктемір» туралы аңыз таратады. Барлық іс-қимылды соның атынан жүргізіп, көзге көрінбейтін күрескер келіншек шайқасқа шығады. Орыс әскерлері оның әйел екендігі туралы ғана

емес, тіпті кім екенін білмейді, «Көктемір» деген атын ғана білетін болған. Кейін көтерісшілерден әбден ығыр болып, оған қарсы мәліметтер жинау үшін Орынбор губернаторы Рейнсдорп, «Сейітов» слабодкасының татарлары жасауы Гұбайдулла Адгамов пен Рақымқұл Ибраевты жұмсады. «Көктемірді» ұстамақ ниетте. Алайда, орыс жансыздарының жұмысы оң нәтиже бермейді. Сапура Мәтенқызы туралы деректер Пугачев көтерілісі кезіндегі орыс дереккөздерінде сақталған. «ұстатпайтын ұстын», «көзге көрінбейтін жан» деп аталған батыр анамыз жұмбақ жағдайда қаза тапты. Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Н.Бекмаханова «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған. Көктемір (Сапура) батыр туралы Әбіш Кекілбаев, Аян Нысаналин т.б. жазушылардың туындылары жарық көрген.

Бүгінде қазақ ханымдарының ішінде тек Кенесары ханның бәйбішесі Күнімжан туралы толыққанды мәлімет бар. Кенесары хан. Қазақтың соңғы ханы. Қазақтың ұлт-азаттық көтерілісінің әйгілі басшысы. Бабасы – хан Абылай. Арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың әйелі Топыш анамыздан Қасым сұлтан туады. Кенесары осы Қасым сұлтанның перзенті. Тарихтан аян, Кенесары хан парасатты әмірші, әскери өнерді жетік меңгерген қолбасшы, жау жүрек батыр, дипломат, данагөй тарихи дара тұлға. Ал тарихшы, археолог, өлкетанушы А.Майердың «Қырғыз даласы...» зерттеуінде «Кенесары ержүрек, айналы, өркеуде, қыран қарақты десе де, ол адамдарды маңайына топтастыруға шебер ұлы қасиеті бар» деп еріксіз мойындайды.

Ал оның жары ақылсыз болса Кенесары үлкен шаруаның басы-қасында болмас еді. Бабамыздың бәйбішесі Күнімжан анамыз да бір басында ерге бермес қасиеттерді топтастырған батыр еді. Тарихшы Жанұзақ Қасымбаев «Кенесары хан» атты кітабында: «Кенесарының бәйбішесі Күнімжан азаттық күресінің барлық дерлік ерлікті уақиғасының куәсі болды. Патша үкіметінің отаршылдық азабын бірдей тартып, ханның басына түскен ауыртпалықтың бәрін, өмірінің ыстық-суығын бірге көтерді. Хан Жапар, Тайшық, Ахмет терізді хан мирасқорларының анасы Күнімжан балаларын халық үшін күрестің мүддесіне шындады» деп жазады. Мұрағат құжаттарында Күнімжанды ханша Тұрсынова (кейінірек Қасымова деп те жазылған) деп атаған.

1844 жылдың ақпанында патша әкімшілігінің жазалаушы отрядтары Кенесарыны жазалаған бірнеше ауылға, соның ішінде ханның жақын туыстары мен әйелдері тұратын ауылға тұтқиылдан шабуылдар жасайды. Сол кезде Күнімжанды тұтқындайды. Осы сәтте патшалық билік Кенесарыны сүйікті әйелі үшін күресті тоқтатар деп үміттенеді. Күнімжан болса тұтқында жүріп сенімді адамдары арқылы хан Кенеге соғысты тоқтатпау жөніндегі ниетін білдіреді. Адал жарының бұл әрекетіне разы болған Кенесары қарсылық күресін әсте тоқтатпайды.

Қазақ әйелдерінің тарихта өз орны бар. Өдетте жазбадан гөрі ауыз әдебиетімен тараған әңгімелер желісі жалған болып көрінер. Алайда тұтас халықтың мәдениеті мен дәстүрі, тілі мен діні жазбай-сызбай-ақ бүгінге жетті емес пе? Біз алыптар еліміз, Ұлы халықпыз. Ал Ұлылар батыр әрі данагөй аналардан туады.

Тарих – қару. Есебін тауып қолданғанда тұтас бір өркениетті жоқ етуге, жаңа мәдениетті пайда қылуға да болады. Сенбеймісіз? Қазіргі геосаясаттың бір құйтырқы әрекеті өзгені жоқ, өзін асқақ ету мақсатында тарихты әлеуметтік жарылыс үшін пайдаланып жүр. Бәсекелестіктің негізі озу, даму, ілгерілеу болса, сол негізге сүйенгендер басқаны екінші орында, өзін біріншіде болғанын қалайды. Кім екінші болмаққа ұмтылады? Ешкім! Нәтижесінде қос бауырлас мемлекет бір-бірінің тарихын жоқ етіп, ұлт болу тұрғысында озуға талпынуда. Қазіргі тенденция - тамырын тереңнен іздеу. Кімнің ұлт болу тарихы тереңде, соның ұпайы түгел. Былайғы сөзбен айтқанда, баласын әкесінің әлеуметтік жағдайына орай бағалау. Түсінген боларсыз...

Жалпы тарихтың мәніне тоқталдық, енді өркениет пен мәдениет тұрғысынан бір саралап алайық, батыс елдерінің өкілдерінде осы екі құрылым тұрғысында өзгеше ой қалыптасқан. Олардың пайымы мәдениет пен өркениет арасында қала салудан басталады. Алайда қазақ мәдениетсіз емес, өркениеттің соңына ілеспеді дей алмаймыз. Батыс елдерінен асқаны болды бізде, күллі Еуропа бәліне шүбәрек байлап жүргенде кезекем атқа мініп, шалбар киіп жүрген. Қазірдің өзінде солай, бар бәлекет дамыған елдерде пайда болып, дамушы елдерге бағыт алады. Мәселен, көгілдірлер, педофильдер, канибалдар (адам етін жегіштер), біржыныстылардың махаббаты, тағысын тағылар біздің дәстүріміз бен мәдениетімізде жоқ еді. Мұның бәрі батыстану үлгісімен жетті. Тақырыптан сәл ауытқып, қайта тарихқа келейік, өзге елдердің тарихында батыр әйелдер жайы көп сөз болады. Жанна Д.Арк, Беатрис Бургундская, Клеопатра, Елизавета сынды тұлғаларымен мақтанады талайлар. Ал бізде ше? Өдетте қазақ танымында әйелдерді незікжандылар деп суреттейді. Кеңістімізге салсақ, әйел екінші сатыда тұруы тиіс. Бірақ, бізде әйел тұлғалары болмады дегенді келдірмейді, бізде әйел «Ана» кейіпінде тұлға болып қалыптасқан. Әйтпесе Бегім Ана, Домалақ Ана, Гауһар Ана, Нұрбике Ана сынды кейіпкерлер қайдан шықты? Сол қазақ ханымдары, қазақтың әйел тұлғалары хақында бір сөйлейікші...

Қазақ ханымдары туралы сөз болса, әуелден Тұмар ханымның аты жылт етеді санада. Сайып келгенде түбі бір түркілердің тамыры саналатын ханшайымның қазақ даласында билік құруы, күллі Азияны шулатқан, қан қақсатқан, өзін «Азияның билеушісі» санаған Кирді ойсырата жеңуі оның атын мәшһүр етті. Алайда Тұмар ханымды тек қазақтікі дей алмаймыз, Қорқыт баба сықылды ол да түркі дүниесінің тұлғасы.

Керей мен өз-Жәнібек хан Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жетісу бойынан ордасын тіктегенде қазақ деген ұлыстың негізі қаланды. Хандықтың негізі қаланғанға дейін сайын далада сапырылсақ ұлы көштер мен даланы қанға былғаған сан шайқас ұлт болып қалыптасуға септігін тигізді. Өдетте біз қазақ мемлекеттігінің негізін XIV ғасырдан іздейміз. Алайда ұлттың тағдыры одан әріде.

Қазақ хандығы қалыптасқаннан кейін билік басында Керей мен Жәнібектің ұрпақтары отырды. Олар ел әлеуетін дамытуда қиян-кескі шайқастар мен саяси әрекеттерге барды. Сауда-саттықты дамытты, отырықшылық пен қала мәдениетін

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13-наурыздағы №27-180 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 28-наурызда №4606 болып тіркелді.

1. Жалпы ережелер
2. Осы Ескелді ауданының Құрмет грамотасымен наградау туралы ереже «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23-қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Ескелді ауданының Құрмет грамотасымен наградау тәртібін айқындайды.
3. Ескелді ауданының Құрмет грамотасы (мұнан әрі - Құрмет грамотасы) маңызды моральдық ынталандырма, азаматтардың жемісті қызметін қоғамның мойындауын білдіру болып табылады.
4. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар. Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әскери және мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық, мемлекеттік, қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградалады.
5. Құрмет грамотасымен наградау тәртібі
6. Ескелді ауданы өкіміне наградауға ұсынысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, еңбек ұжымдары және басқада ұйымдар енгізеді.
7. Құрмет грамотасымен наградау туралы қолдау хат тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туылған күнін, жұмыс орнын (жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және қолдау хат енгізілген күндегі атқаратын лауазымының толық атауын көрсете отырып), білімі туралы мәліметтерді, өңбек қызметі туралы, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.
8. Дұрыс рәсімделмеген және наградауға дейін он жұмыс күннен кем мерзімде келіп түскен қолдау хат Ескелді ауданы өкімінің қарауына қабылданбайды.
9. Кезекті наградаға ұсыну алдыңғы наградау күнінен бастап бес жыл өткен соң ғана мүмкін.
10. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын Ескелді ауданының өкімі тапсырады, сондай-ақ Ескелді ауданы өкімінің атынан және оның тапсыруы бойынша Құрмет грамотасын ауылдық округ әкімдері және Ескелді ауданының өкімі уәкілдік берген басқа да тұлғалар тапсыра алады.
11. Құрмет грамотасына Ескелді ауданы өкімінің қолы қойылады.
12. Құжаттарды жүргізуді және есепке алуды Ескелді ауданы өкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.
13. Құрмет грамотасының тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы жасалады, награда тапсырған тұлғаның қолы қойылады және наградалары тапсырған органның мөрі мен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде Ескелді ауданы өкімі аппаратына жолданады.

# ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПОЛОЖЕНИЯ О НАГРАЖДЕНИИ ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

Решение Ескельдинского районного маслихата Алматинской области от 13 марта 2018 года № 27-180. Зарегистрировано Департаментом юстиции Алматинской области 28 марта 2018 года № 4606

1. Положение о награждении Почетной грамотой Ескельдинского района
2. Общие положения
3. Настоящее Положение о награждении Почетной грамотой Ескельдинского района разработано в соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и определяет порядок награждения Почетной грамотой Ескельдинского района.
4. Почетная грамота Ескельдинского района (далее - Почетная грамота) является важным моральным стимулом, выражением общественного признания плодотворной деятельности граждан.
5. Почетной грамотой награждаются граждане Республики Казахстан и иностранные граждане имеющие не менее 5 лет стажа в сфере деятельности за значительные достижения в экономике, в социальной сфере, науке, культуре, образовании, здравоохранении, в воинской и государственной службе, в общественной, государственной, благотворительной деятельности.
6. Порядок награждения Почетной грамотой
7. Представление к награждению акиму Ескельдинского района вносят местные представительные и исполнительные органы, творческие союзы, трудовые коллективы и другие организации.
8. Ходатайство о награждении Почетной грамотой оформляется на государственном и русском языках с указанием фамилии, имени, отчества (при наличии), даты рождения, сведений об образовании, места работы (с указанием полного наименования организации в соответствии с учредительными документами и полного наименования занимаемой должности на дату внесения ходатайства), сведений о трудовой деятельности, о наградах и почетных званиях.
9. Неправильно оформленные и поступившие в срок менее чем за десять рабочих дней до награждения ходатайство к рассмотрению акима Ескельдинского района не принимается.
10. Представление к очередной награде возможно только по истечении пяти лет со дня предыдущего награждения.
11. Вручение Почетной грамоты производится в торжественной обстановке. Почетную грамоту вручает аким Ескельдинского района, а также от имени акима Ескельдинского района и по его поручению Почетную грамоту могут вручать акимы сельских округов и другие лица уполномоченные акимом Ескельдинского района.
12. Почетная грамота подписывается акимом Ескельдинского района.
13. Ведение документации и учет осуществляется аппаратом акима Ескельдинского района.
14. О вручении Почетной грамоты составляется протокол вручения, подписывается лицом вручившим награду и скрепляется печатью органа, вручившего награду и в течение трех рабочих дней направляется в аппарат акима Ескельдинского района.

QÜZYRET

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ «ТҰРҒЫНДАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ»

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер - жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады өмір сапасы болып табылады. Елбасымыздың мемлекеттік басқарушы органдарының алдына қойған маңызды міндеттерінің бірі — мемлекеттік қызмет көрсетудің қолайлылығы мен сапасын арттыру, мемлекеттік қызметшілердің қызметтерін мемлекеттік қызмет көрсетуді ұтынушы халыққа бағдарлау болып табылады. Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын көтеру, азаматтарға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру, олардың, соның ішінде электронды нұсқадағы сапасын арттыру және қолжетімділігін қамтамасыз ету, сол сияқты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша 18 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету бұрышы мен орны бөлімде белгілі жерде орналастырылған және қолжетімді:**

1. «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою»;
2. «Регистрация и постановка на учет безработных граждан»;
3. «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу»;
4. «Регистрация лиц ищущих работу»;
5. «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру»;
6. «Выдача направлений лицам на участие в активных формах содействия занятости»;
7. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау»;
8. «Назначение государственной адресной социальной помощи»;
9. «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру»;
10. «Выдача справки, подтверждающей принадлежность заявителя (семьи) к получателям адресной социальной помощи»;
11. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау»;
12. «Назначение социальной помощи специалистам социальной сферы, проживающим и работающим в сельских населенных пунктах, по приобретению топлива»;
13. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау»;
14. «Назначение социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местных представительных органов»;
15. «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру»;
16. «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном

полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений»;

9. «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу»;
10. «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи»;
11. «Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету»;
12. «Обеспечение инвалидов сурдо-тифлотехническими и обязательными гигиеническими средствами»;
13. «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу»;
14. «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху»;
15. «Мүгедектерге кресло-арбалар беру»;
16. «Предоставление инвалидам кресла-колясок»;
17. «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу»;
18. «Назначение возмещения затрат на обучение на дому детей инвалидов»
19. «Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету»;
20. «Обеспечение инвалидов санаторно-курортным лечением»;
21. «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу»;
22. «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)»;
23. «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу»;
24. «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому»;
25. «Назначение жилищной помощи»;
26. «Тұрғын үй көмегін тағайындау»;
27. «Ақталған адамдарға куәлік беру»;
28. «Выдача удостоверения реабилитированному лицу»

Қызмет көрсетушінің мекенжайы: Барлық сұрақтармен мына мекенжайдан мәлімет алуға болады. «Ескелді аудандың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ және «Жұмыспен қамту орталығы»

Қабылдау күндері: күн сайын сағат 9-00-дан 18.30-ге дейін, демалыс күндері (сенбі, жексенбі) мен мейрам күндерінен басқа

Түскі үзіліс 13-00-ден 14.30-ге дейін  
Мекенжайы: Ескелді ауданы Қарабұлақ кенті Сатпаева 67  
Телефон: 3-00-62, 3-02-58  
Электронды пошта: eskeldy\_sobes@mail.ru

**А.БЕЙСБАЕВ,**  
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

# «Қазақстан Республикасында коронавирусы инфекциясы жөніндегі санитариялық-эпидемиологияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

**Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирусы инфекциясының (бұдан әрі – КВИ) таралуының алдын алу мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасында коронавирус инфекциясы жөніндегі санитариялық-эпидемиологияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу туралы» Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы №2 қаулысына (мұнан әрі – ҚР БМСД-ның № 2 қаулысы) мынадай өзгерістер енгізілсін:
  - 1) Қазақстан Республикасында халықты коронавирусы инфекциясына қарсы профилактикалық егулерді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмінің (бұдан әрі – Алгоритм) 129-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
    - «129. Қазақстанның аумағында 3 және одан да көп ай тұратын шетел азаматтарын қоса алғанда, барлық адамдар КВИ-ге қарсы ревакцинацияға жатады.

КВИ-ге қарсы ревакцинация КВИ-ге қарсы алдыңғы профилактикалық екпеден кейін 6 ай аралықпен КВИ-ге қарсы вакцинацияның толық курсы және бұрын бірінші ревакцинацияны алған адамдарға жүргізіледі.»;

- 2) Алгоритмінің 130-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
  - «130. КВИ-ді жұқтыру қаупі жоғары (басымдылығы бойынша) мына адамдар КВИ-ге қарсы қайта ревакцинациялауға жатады:
    - 1) медицина қызметкерлері;
    - 2) медициналық-әлеуметтік мекемелердің контингенті мен персоналы;
    - 3) күш құрылымдарының қызметкерлері;
    - 4) педагогтар;
    - 5) пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйе мекемелерінің контингенті;
    - 6) 50 жастан асқан адамдар.».
  2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
  3. Осы қаулы 2022 жылға 25-мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

**А. ЕСМАҒАМБЕТОВА,**  
РК бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

# О внесении изменений в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 13 января 2022 года № 2 «Об организации и проведении санитарно-противоэпидемических и санитарно-профилактических мероприятий по коронавирусной инфекции в Республике Казахстан»

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – КВИ) среди населения Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 13 января 2022 года №2 «Об организации и проведении санитарно-противоэпидемических и санитарно-профилактических мероприятий по коронавирусной инфекции в Республике Казахстан» следующие изменения:
  - 1) пункт 129 Алгоритма организации и проведения профилактических прививок против коронавирусной инфекции населения в Республике Казахстан (далее – Алгоритм) изложить в следующей редакции:
    - «129. Ревакцинации против КВИ подлежат все лица, включая иностранных граждан, проживающих на территории Казахстана 3 и более месяцев.
  - 2) Ревакцинация против КВИ проводится лицам, получившим полный курс вакцинации против КВИ

и лицам, ранее получившим первую ревакцинацию с интервалом 6 месяцев после предыдущей профилактической прививки против КВИ.»;

- 2) пункт 130 Алгоритма изложить в следующей редакции:
  - «130. Повторной ревакцинации против КВИ подлежат следующие лица, имеющие высокий риск инфицирования КВИ (по приоритетности):
    - 1) медицинские работники;
    - 2) контингент и персонал медико-социальных учреждений;
    - 3) сотрудники силовых структур;
    - 4) педагоги;
    - 5) контингент учреждений пенитенциарной (уголовно-исполнительной) системы;
    - 6) лица старше 50 лет.».
  2. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.
  3. Настоящее постановление вводится в действие с 25 мая 2022 года.

**А.ЕСМАҒАМБЕТОВА,**  
главный государственный санитарный врач РК

# ӨМІР КЕЗЕҢДЕРІН БІЛЕМІЗ БЕ?

**Қазақтың даналығына таң қаласыз. Астрономиялық, медициналық дәлдіктерін айтпағанның өзінде ғұмыр кезеңдерін адамның болмыс-бітіміне сай жүйелеген ғой. Бірақ, ғасырлар бойы қолданыста болған ғұмыр кезеңдерін біле бермейміз-ау, осы! Неге дейсіз ғой? Бүгінде «Ел ағасы», «Ақсақал» сөзін орынсыз қолдана беретін болдық. Тіпті, «бала» деген тіркестен басқасын білмейміз.**

Жалпы, пенденің өмірі жатырда басталады десек, дана халқымыз ондағы өмір кезеңдеріне де атау бере білген. Мәселен, жатырда қырық күнге дейінгі қалыптасып, дамуын «Қаған» десе, мүсіндену кезеңін «Ұлпан» деген.

Дүниеге шыр етіп келген сәтінде «Қызылшақа», «Шақалақ» деп атаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қызылшақа» – әлі өсіп жетілмеген, жаңа туған, – деген анықтама берілген. Міне, осы сөзді тиісінше қолдана алмай жүргеніміз рас. Әсіресе, ақпарат беттерінен «Бүгін пәленше «бала» туылды» дегенді жиі оқитын болдық.

Баланың екі жастан алты жасқа дейінгі ғұмырлық жылдарын «Сәби» (жас нәресте) десе, үш жастағыны «Балдырған», бес жасында «Балғын» деп атаған. Ал, он төрт жастағы ұл баланы «Жасөспірім», қыз баланы «Қарақ, Бүрлен» деген. Он жеті жастағы ұлды «Бозбала», қызды – «Бойжеткен, Қырмызы, Сәулім» (құда түскен болса «Сырғалы» қыз делінеді) депті.

Екінші мүшел жасқа толған жігітті – «Берен, Көлтөстік, Жалан», қыз – «Ақмалжын, Қарша, Келіншек (үйленген)» деп аталады. Отыз жастағы жігітті – «Дүр берен» деп атаған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Берен» – нағыз шын болат. «Дүр» – маржан, інжу, атақты, данқты мағынасын береді екен. Осы сөздердің мәніне қарап, отызды «орда жазар жас» деп бекер айтпағанын ұғасыз. Отызда орда бұзатыны жайлы ғылыми тұрғыда да дәлелденді. Мәселен, зерттеушілер 500-ден астам Нобель лауреаттары мен 300-ден астам XX ғасырдың әйгілі өнер тапқыштары туралы деректерді саралайды. Нәтижесінде олардың 96 пайызы өз жаңалықтарын 30 жасында ашқанын анықтайды.

Камал алар қырық жастағы ерді – «Бұзбілек, Ертілеуі» депті түсіндірме сөздікте: «Бұз» – біркелкі күйді (жайды) дағдылы қалпынан өзгерту деп тәпсірленген. «Білек» – қара күш, мықты делінген. Яғни, ақыл толысқан, мінез-құлық қалыптасқан, ой-парасаты кемелденген жас. Сонымен бірге, әр істің мән-жайын жан-жақты пайымдай білетін кезең. Сондықтан, қамал алатын қырық жасты «Бұзбілек» деген сынайлы.

Елу жастағыны «Ел ағасы», «Ауыл ағасы» деп құрметтеген. Яғни, ағайын-туыс пен ауылдың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын тұлға. Ертеректе ел ағасы әлеуметтік қатынастарды реттеудің қауқарлы институционалдық тетіктерінің бірі болды. Демек, елу жаста елдің алдында төрелік айтып, елдік мәселелерге араласқан, кемелденген жас деуге болады.

Пайғамбар жасы, алпыс асқарындағыны «Марқасқа» дегенін аңғаруға болады. Түсіндірме сөздікте: «Марқасқа» – нағыз, мықты, зор, деп түсіндірілген. Жетпістің желкесіне шыққан ерлерді «Ақсақал, Мұзау» дейді. Ал кемпір аты: «Ақбұрым, Шынал, Кемпір».

Сексеннің сеңгіріне шыққан ерді «Батағой» десе, кемпірді «Ақурек ана» деген. Ортақ аты – «қария». Тоқсанның тозғанақ өңді жасы, тоқсан судың ақылдасуы деген сипаттама атаулар басталатын тоқсан жастағы қартты «Ба-баш, Бабырқа». Кемпір аты: «Мемен, Аба». Дәуір иесі, жүздің шыңына шыққан қартты «Баба, Тырау». Кемпір аты: «Кейуана, Дұба, Манар». Бұл жасқа келіп бірақ бала көрмеген кемпір – «Қызмалы» делінеді.

## 5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халық атына меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы заңмен белгіленеді	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
43-бап Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС. 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.
46-бап 4-т. Қазақстанның Тұңғыш-Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН
50-бап 3-т. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім Конституциялық кеңес	Конституциялық СӨТ
72-бап Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ	3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап ЖАҢА Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ	1. Қазақстан Республикасында АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ АДАМНЫҢ және азаматтық бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4, 5-т. Облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өкілдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімінен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өкілдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімінен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. <b>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</b>

## 5 июня РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ

### 10 ЯРКИХ ПРИМЕРОВ ИЗМЕНЕНИЙ в КОНСТИТУЦИЮ

Действующая редакция	НОВАЯ редакция
Статья 6 П. 3. Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы находятся в государственной собственности.	3. Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы ПРИНАДЛЕЖАТ НАРОДУ. От имени народа право собственности осуществляет государство.
Статья 15 П. 2. Никто не вправе произвольно лишать человека жизни. Смертная казнь устанавливается законом...	2. Никто не вправе произвольно лишать человека жизни. СМЕРТНАЯ КАЗНЬ ЗАПРЕЩАЕТСЯ.
Статья 43 В действующей редакции нет таких требований.	3. На период осуществления своих полномочий ПРЕЗИДЕНТ Республики Казахстан НЕ ДОЛЖЕН СОСТОЯТЬ в ПОЛИТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ. 4. БЛИЗКИЕ РОДСТВЕННИКИ ПРЕЗИДЕНТА Республики Казахстан НЕ ВПРАВЕ ЗАНИМАТЬ ДОЛЖНОСТИ политических государственных служащих, руководителей субъектов квазигосударственного сектора.
Статья 46 П. 4. Статус и полномочия Первого-Президента Казахстана определяются Конституцией Республики и конституционным законом.	4. ИСКЛЮЧИТЬ
Статья 50 П. 3. Мажилис состоит из 107-ми депутатов, избираемых в порядке, установленном конституционным законом.	3. Мажилис состоит из 98-ми депутатов, избираемых в порядке, установленном конституционным законом по смешанной избирательной системе: по системе пропорционального представительства по территории единого общенационального избирательного округа, а также по одномандатным территориальным избирательным округам.

Действующая редакция	НОВАЯ редакция
Раздел VI Конституционный Совет	Конституционный СУД
Статья 72 В действующей редакции нет таких возможностей.	3. КОНСТИТУЦИОННЫЙ СУД ПО ОБРАЩЕНИЯМ ГРАЖДАН рассматривает на соответствие Конституции Республики нормативные правовые акты Республики Казахстан, непосредственно затрагивающие их права и свободы, закрепленные Конституцией.
Статья 83-1 Новая В действующей редакции нет такого института.	1. УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА в Республике Казахстан содействует восстановлению нарушенных прав и свобод человека и гражданина, способствует продвижению прав и свобод человека и гражданина.
Статья 87 П. 4, 5. Акимы областей, городов республиканского значения и столицы назначаются на должность Президентом Республики с согласия депутатов маслихатов, расположенных на территории области, или депутатов маслихатов городов республиканского значения и столицы соответственно. Президент Республики ПРЕДЛАГАЕТ НЕ МЕНЕЕ ДВУХ КАНДИДАТУР, ПО КОТОРЫМ ПРОВОДИТСЯ ГОЛОСОВАНИЕ. Кандидат, набравший большее количество голосов депутатов маслихатов, принявших участие в голосовании, считается получившим согласие.	4. Акимы областей, городов республиканского значения и столицы назначаются на должность Президентом Республики с согласия депутатов маслихатов, расположенных на территории области, или депутатов маслихатов городов республиканского значения и столицы соответственно. Президент Республики ПРЕДЛАГАЕТ НЕ МЕНЕЕ ДВУХ КАНДИДАТУР, ПО КОТОРЫМ ПРОВОДИТСЯ ГОЛОСОВАНИЕ. Кандидат, набравший большее количество голосов депутатов маслихатов, принявших участие в голосовании, считается получившим согласие.
Статья 91 П. 2. Установленные Конституцией независимость государства, унитарность и территориальная целостность Республики, форма ее правления, а также основополагающие принципы деятельности Республики, заложенные Основным законом Казахстана, Первым Президентом Республики Казахстан — Елбасы, и его статус являются неизменными.	2. Установленные Конституцией независимость государства, унитарность и территориальная целостность Республики, форма ее правления, основополагающие принципы деятельности Республики являются неизменными. <b>Таким образом, статус Елбасы и Первого Президента в новой редакции полностью исключается.</b>

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор **Жанхмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.** Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1058 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.